ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 12 маусым № 7119-24-00-2/6540 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:

Төрағалық етуші судья А.С.Искалиева,

Оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«SAQA GROUP» жеке кәсіпкер атынан әрекет етуші Нурмухаммед Жардембек

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «SAQA GROUP» жеке кәсіпкер атынан әрекет етуші Нурмухаммед Жардембекті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «SAQA GROUP» жеке кәсіпкер атынан әрекет етуші Нурмухаммед Жардембек мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Документ подписан: Искалиева А. С., 12.06.2024
Дата вступления в законную силу: 19.07.2024, судья Искалиева А. С., 21.07.2024
7119-24-3-1/5963

Жауапкер «SAQA GROUP» жеке кәсіпкер атынан әрекет етуші Нурмухаммед Жардембектен мемлекет пайдасына 108 (бір жүз сегіз) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Жауапкер «SAQA GROUP» жеке кәсіпкер атынан әрекет етуші Нурмухаммед Жардембектен мемлекет пайдасына 1 849 (бір мың сегіз жүз қырық тоғыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.С.Искалиева**

Документ подписан: Искалиева А. С., 12.06.2024
Дата вступления в законную силу: 19.07.2024, судья Искалиева А. С., 21.07.2024
7119-24-3-1/5963